

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
№6 хаттамасы**

Астана қаласы

2024 жылғы 28 тамыз

**Төрағалық еткен:** Р.С. Ошақбаев.

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** М.А. Әбенов, Ә.Қ. Болсамбеков, И.О. Вранчев, Б.С. Дүйсембинов, Л.К. Жақыпова, Ж.З. Қосыбаев, О.Т. Сыздықов, Б.Ж. Төйкебаева, Ш.Қ. Хасанова, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков, «Qosyl» арқылы онлайн режимде: Д.О. Абибуллаев, С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, Н.О. Дулатбеков, А.Г. Орлова, Қ.Х. Рахымбердин, Д. Рахметуллин, О.Ю. Тарабукина, Ә.Қ. Түгел, Д.Н. Тұрғанов,

**Шақырылғандар:** Криминалдық полиция департаментінің бастығы Қ.Б. Нұрмағамбетов, Әкімшілік полиция комитетінің Басқарма бастығы Р.Е. Қаржаспеков.

**Ұрлыққа қарсы іс-қимыл туралы**

---

(Р.С. Ошақбаев, Қ.Б. Нұрмағамбетов, Ж.К. Ахметова, Б.Ж. Төйкебаева, Ә.Қ. Түгел, Д.Н. Тұрғанов, Т.Б. Әбілмәжінов, Ж.З. Қосыбаев, Қ.Х. Рахымбердин, Р.Е. Қаржаспеков, Ш.Қ. Хасанова)

1. Криминалдық полиция департаментінің бастығы К.Б. Нұрмағамбетовтың ақпараты назарға алынсын.

**2. Криминалдық полиция департаментіне:**

- Мәдениет және ақпарат министрлігінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, киберқылмыстардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмысты күшейту;

- Полиция департаменттерімен бірлесіп киберқылмысқа қарсы күрес және заманауи техникалық құралдармен жарақтандыру жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерді күшейтуге қосымша шаралар қабылдау;

- трансшекаралық киберқылмыстарға тиімді қарсы тұру үшін халықаралық әріптестермен ынтымақтастықты күшейту;

- ұрлықтың алдын алуға және мүлікті қорғаудың заманауи әдістері туралы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған халыққа арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

- деректер базасын пайдалануды оңтайландыру және полиция бөлімшелері мен басқа ведомстволар (АШМ, салық органдары және т.б.) арасында ақпарат алмасуды жақсарту;



- ұрланған мүлікті қайтаруға немесе құқық қорғау органдарымен ынтымақтастыққа ықпал ететін ұйымдар үшін ынталандыру жүйесін әзірлеу;

- Қоғамдық кеңес ұйымдастырған IT-мамандарды тарта отырып, «Кибер қылмыс» мәселелері бойынша «Хакатон» форумына КПД қызметкерлерінің қатысу мүмкіндігін қарастыру;

- Қоғамдық кеңес мүшелерінің және Алматы қаласының Полиция департаментінде ІІМ-де және оның құрылымдық бөлімшесінде құрылған «CyberPol» шақырылған сарапшыларының келу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

**3. Тергеу департаментіне** ақпараттық және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етпеу нәтижесінде, оның ішінде антифрод жүйелеріндегі проблемаларға байланысты, олардың ресурстарын пайдалана отырып, киберқылмыстар жасау кезінде екінші деңгейдегі банктер мен ұялы байланыс операторларының жауапкершілігі туралы мәселені пысықтау ұсынылады.

#### **4. Әкімшілік полиция комитетіне:**

- Л.Б. Шакабаеваның өтініші бойынша Қоғамдық кеңеске ақпарат беру (*Е.Б. Бидайбековке қатысты, Кеңес мүшесі Б.Ж. Төйкебаеваның ұсынысы*);

- осал аймақтардағы патрульдер мен бейнебақылау санын көбейту мәселесін пысықтау ұсынылады.

#### **5. Полиция департаменттерінің бастықтарына:**

- бейнебақылау жүйелерін орнатуға өтінім беру кезінде Бас прокуратура әзірлеген қылмыс картасын пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

- азаматтарды, жеке құрылымдарды оларға тиесілі бейнебақылау камераларын Жедел басқару орталықтарына қосу мүмкіндігі туралы хабардар ету ұсынылады.

**«Учаскелік полиция инспекторларының қызметі: тәжірибе, проблемалар, шешу жолдары» тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізуге дайындық туралы**

---

(*Р.С. Ошақбаев, Р.Е. Қаржаспеков, Б.Ж. Төйкебаева, Ш.Қ. Хасанова, Ә.А.Қ. Түгел, Т.Б. Әбілмәжінов*)

Ұйымдастырушылық дайындық Қоғамдық кеңеске жүктелсін: төраға – **Б.Ж. Төйкебаева**, кеңес мүшелері – **Ш.Қ. Хасанова, Ж.З. Қосыбаев** және **Ә.Қ. Түгел**, ІІМ-нен – **Әкімшілік полиция комитетіне**.

**Әкімшілік полиция комитеті** (*Қ.Ә. Сұлтанбаев*) Қоғамдық кеңеспен бірлесіп қоғамдық тыңдау өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін пысықтасын:

1) өңірлік полиция департаменттерінің қоса отырып бейнеконференцбайланыс режимінде қоғамдық тыңдау **а.ж. қазанда** өткізілсін;

2) іс-шараны өткізуден **бір ай бұрын** бұқаралық ақпарат құралдарында және ІІМ-нің интернет-ресурсында іс-шараның тақырыбын көрсете отырып тиісті хабарландыру орналастыру;

3) іс шарадан **бір апта** бұрын Қоғамдық кеңес мүшелеріне қоғамдық тыңдау бағдарламасының жобасын дайындау және жіберу;

4) **шақырылғандардың** құрамын анықтау, **Қоғамдық кеңеспен** олардың саны келісу, оларға ресми шақырулар жіберу, талқыланатын мәселе бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды сұрату;

5) Министрлік іс жүзінде жүзеге асыратын ұсыныстардың жобасын әзірлеу және оларды Қоғамдық кеңеске жіберу;

6) үлестірме материал дайындау (*буклеттер, слайдтар және т.б.*).

Ақпараттық саясат департаменті Кеңес отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңес хатшылығын **2024 жылғы 20 қыркүйек** дейін хабардар етсін.

Ішкі істер органдары  
қызметінің мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес төрағасы

**Р. Ошақбаев**

Ішкі істер органдары  
қызметінің мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес хатшысы

**Қ. Елубаев**